**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**
**БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР МЕН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ, ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА МАМЫР МЕРЕКЕЛЕРІН (1, 7, 9 МАМЫР) АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

# МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ МАЙСКИХ ПРАЗДНИКОВ (1, 7, 9 МАЯ) В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И ПРЕДШКОЛЬНЫХ КЛАССАХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ, ЛИЦЕЕВ И ГИМНАЗИЙ

**Астана 2024**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі*
*Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр Жеңіс күні мерекелерін атап өту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024 жыл. – 8 бет.

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу бойынша ұсынымдар қарастырылған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен балабақша әдіскерлері, педагогтеріне арналған.

Балаларды ерте дамыту иституты,  2024 жыл

# 1 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ** – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

**МІНДЕТТЕРІ:**

- балалардың бірлік, ынтымақтастық, бейбітшілік және достық туралы түсініктерін кеңейту;
- Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу;
- құрдастарымен өзара достық қарым-қатынасты қалыптастыруға баулу;
- үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуге үйрету;
- Отанға, еліне, туған жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілікті дәріптеу;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;
- отбасына, достарына деген құрмет пен қамқорлық көрсете білуге үйрету;
- еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

1. Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарлап, ортаңғы топтан бастап, ересек топтарда, мектепалды топтарда/сыныптарда мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарды қатыстырмай, тек балалармен өткізу ұсынылады.
2. Ұсынылатын тақырыптар: «Әрқашан күн сөнбесін!»; «1 мамыр - көктем және еңбек мерекесі»; «Еңбекпен ел көгерер»; «Достық пен ынтымақ - береке бастауы»; «Бейбітшілік жасасын!»; «Бейбітшілік – ел тілегі» (басқа тақырыптарды таңдауға болады).
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрекет түрлерін ауыстырып отыру: ойыншықтарды, шынайы заттарды, фотосуреттерді, түрлі-түсті суреттерді пайдалана отырып, тақырыпқа сай балалармен достары, отбасы, отбасылық қарым-қатынас, отбасы дәстүрлері туралы әңгімелесу, балалардың өздері білетін тақпақтары мен әндерін айтқызу, елімізде тұрып жатқан ұлт өкілдерімен бейнематериалдар арқылы таныстыру, бірлік пен татулықты бейнелейтін шығармашылық жұмыс (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу) жасау, сурет көрмелерін ұйымдастыру, ұсынылады.

## 7 МАМЫР ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ** - Отан қорғаушылар күні мерекесінің маңыздылығын түсіндіру, Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.

### МІНДЕТТЕРІ:

- Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту;
- Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту;
- Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу;
- еліне, туған жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін ояту;
- ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа баулу;
- таныс мамандық иелеріне құрметпен карауға тәрбиелеу.

### ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

1. Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарлап, ортаңғы топтан бастап, ересек топтарда, мектепалды топтарда/сыныптарда мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарды қатыстырмай, тек балалармен өткізу ұсынылады.
2. Ұсынылатын тақырыптар: «Жас ұландар – мақтанышы елімнің»; «Ел тірегі - сарбаздар»; «Отан сенген ұландар»; «Жас сарбаз» (басқа тақырыптарды таңдауға болады).
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрекет түрлерін ауыстырып отыру: ойыншықтарды, шынайы заттарды, фотосуреттерді, түрлі-түсті суреттерді пайдалана отырып, тақырып бойынша балалармен мамандық иелері, олардың қызметі туралы әңгімелесу, өздері білетін патриоттық өлеңдер мен әндерді орындату, шығармашылық жұмыс (сурет салу, жапсыру, құрастыру) жасау, сюжеттік-рөлдік ойындар ойнату ұсынылады.
4. Ұйымдастырылған іс-әрекетте қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністері бар сахналық қойылымдарды көрсетуге қатаң тыйым салынады.

# 9 МАМЫР ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ** - Жеңіс күні мерекесінің маңыздылығын түсіндіру, өз Отанын жақсы көруге тәрбиелеу.

**МІНДЕТТЕРІ:**

- өз Отанын қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіндіру;
- Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы насихаттау;
- Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы түсіндіріп, оларды құрметтеуге баулу;
- өз Отанын сүюге, қорғауға, патриотизмге тәрбиелеу;
- еліне, туған жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін ояту;
- адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

**ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

1. Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарлап, ересек топтарда, мектепалды топтарда/сыныптарда мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарды қатыстырмай, тек балалармен өткізу ұсынылады.
2. Ұсынылатын тақырыптар: «Бейбіт күн жасасын»; «Жеңіс туы желбіре»; «Ер есімі – ел есінде»; «Елімнің батырлары» (басқа тақырыптарды таңдауға болады).
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында өздері білетін патриоттық өлеңдер мен әндерді орындату, мерекенің маңыздылығы жайлы, Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы балалармен әңгімелесу, отбасының батырлық істері туралы өздеріне әңгімелету, шығармашылық жұмыс (сурет салу, жапсыру, құрастыру) жасау, қауіпсіздік ережелерін үйрететін мульфильмдер ұсынылады.
4. Ұйымдастырылған іс-әрекетте қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністері бар сахналық қойылымдарды көрсетуге қатаң тыйым салынады.

**ҰСЫНЫМДАР**

Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетке деген қызығушылығын қалыптастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны (аудиоматериал, үстел үсті ойындары, балалар әдебиеті, рөлдік, театрландырылған, конструкторлар, дидактикалық ойындар мен ойыншықтар, шығармашылық жұмыспен айналысуға жағдай жасау және т.б.) ұйымдастыру ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырылған іс-әрекеттерден бөлек:

- бөбек жасындағы балаларға балаларда қуанышты жағымды эмоционалдық көңіл-күй туғызу және мерекелік мәдениетті қалыптастыру мақсатында қуыршақ, үстел үсті, саусақ театрларын, ойын-сауықтар және т.б;
- мектепке дейінгі жастағы балаларға мереке туралы түсініктерін бекіту мақсатында музыкалық, спорттық ойын-сауықтар, ұлттық ойындар, жас ерекшеліктеріне сәйкес сахналық қойылымдар, эстафеталық жарыстар, сурет және асфальтқа сурет салу байқауларын ұйымдастыру ұсынылады.

# МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРАЗДНОВАНИЮ ДНЯ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА - 1 МАЯ

**ЦЕЛЬ ОРГАНИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ** – расширение представлений о значении празднования Дня единства народа Казахстана, прививать чувство любви к родной земле, Родине.

**ЗАДАЧИ:**

- расширять представления детей о единстве, сотрудничестве, мире и дружбе;
- воспитывать любвь к родине, патриотизму;
- формировать дружеские взаимоотношения со сверстниками;
- учить уважать старших, помогать младшим;
- прогандировать уважение и любовь к Родине, стране, родному краю;
- формировать духовно-нравственные ценности;
- обучать умению проявлять уважение и заботу о семье, друзьях;
- воспитывать трудолюбие.

**ОРГАНИЗАЦИЯ И ПРОВЕДЕНИЕ**

1. Педагогам рекомендуется планировать организованную деятельность с учетом возрастных и психофизических особенностей детей, программных требований, проводить только с детьми средней, старшей и предшкольной группах в дошкольных организациях, а также предшкольных классах школ, не вовлекая родителей.

2. Предлагаемые темы: «Пусть всегда будет солнце!»; «1 мая – праздник весны и труда»; «Дружба и солидарность - начало процветания»; «Да здравствует мир!» (можно выбрать другие темы).

3. В ходе организованной деятельности рекомендуется чередовать виды детской деятельности: беседа с детьми по теме о друзьях, семье, семейных отношениях, семейных традициях с использованием игрушек, предметов, фотографий, цветных картинок; рассказывание детьми знакомых им стихотворений и исполнения песен; знакомство с представителями национальностей, проживающих в стране, через видеоматериалы; организация ворческих работ, где изображено единство и дружба (рисование, лепка, конструирование, лепка).

## МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРАЗДНОВАНИЮ ДНЯ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА - 7 МАЯ

**ЦЕЛЬ ОРГАНИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ** - разъяснение важности празднования Дня защитника Отечества, воспитание любви к Родине, патриотизму.

### ЗАДАЧИ:

- воспитывать любовь и гордость за нашу Родину – Республику Казахстан;
- расширять представления о Армии Республики Казахстан;
- воспитывать любвь к родине, патриотизму;
- пробуждать чувства уважения и любви к своей стране, родному краю;
- учить трудолюбию, помогать взрослым;
- воспитывать уважительное отношение к знакомым профессиям.

### ОРГАНИЗАЦИЯ И ПРОВЕДЕНИЕ

1. Педагогам рекомендуется планировать организованную деятельность с учетом возрастных и психофизических особенностей детей, программных требований, проводить только с детьми средней, старшей и предшкольной группах в дошкольных организациях, а также предшкольных классах школ, не вовлекая родителей.
2. Предлагаемые темы: «7 мая – День защитника Отечества в Казахстане»; «Служба Родине – великая честь»; «Мы гордимся славными героями страны!»; «Праздник мужества и славы» (можно выбрать другие темы).
3. В ходе организованной деятельности рекомендуется чередование видов детской деятельности: беседа с детьми о профессиях, их деятельности; играть в сюжетно-ролевые игры с использованием игрушек, предметов, фотографий, цветных картинок; исполнение патриотических песен и стихотворений, которые они знают; выполнение творческой работы (рисование, наклеивание, конструирование).
4. В ходе организованной деятельности категорически запрещается показывать сценические постановки со сценами жестокости и насилия.

## МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРАЗДНОВАНИЮ ДНЯ ПОБЕДЫ - 9 МАЯ

**ЦЕЛЬ ОРГАНИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ** - разъяснение важности празднования Дня Победы, воспитание любви к своей Родине.

**ЗАДАЧИ:**

- расширять представление о вожности Казахстанской армии, защиты своей Родины;
- развивать интерес к подвигам Героев Советского Союза Бауыржана Момышулы, Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой, Халық қаһарманы Рахимжана Кошкарбаева;
- пасширять представление о подвигах казахстанских воинов, защищавших Родину в годы Великой Отечественной войны;
- воспитывать любвь к своей Родине;
- пробуждать чувства уважения и любви к своей стране, родному краю;
- воспитывать уважение к труду людей.

**ОРГАНИЗАЦИЯ И ПРОВЕДЕНИЕ**

1. Педагогам рекомендуется планировать организованную деятельность с учетом возрастных и психофизических особенностей детей, программных требований, проводить только с детьми средней, старшей и предшкольной группах в дошкольных организациях, а также предшкольных классах школ, не вовлекая родителей.
2. Предлагаемые темы: «Мы помним, мы гордимся!»; «С днем победы, ветераны!»; «Герои страны» (можно выбрать другие темы).
3. В ходе организованной деятельности рекомендуется исполнять патриотические песни и стихотворения, которые знают дети; проводить беседы с детьми о важности праздника, о подвигах воинов-казахстанцев, защищавших Родину, рассказывать детям об героических поступках; творческую работу (рисование, наклеивание, конструирование), знакомить с правилами безопасности при проведении творческих работ.

1. В ходе организованной деятельности категорически запрещается показывать сценические постановки со сценами жестокости и насилия.

**РЕКОМЕНДАЦИИ**

Для формирования интереса детей к организованной деятельности рекомендуется организовать предметно-пространственную развивающую среду (аудиоматериалы, настольные игры, детская литература, ролевая, театрализованная деятельности, конструкторы, дидактические игры и игрушки, создание условий для творческой работы и др.).

▪ Кроме того, помимо организованной деятельности рекомендуется проводить:

- для детей ясельного возраста кукольные, настольные, пальчиковые

театры, развлечения с целью создания у детей радостного, позитивного настроения и формирования праздничной культуры;

- для детей дошкольного возраста, в целях закрепления представлений дошкольников о празднике предлагается организовать музыкальные, спортивные развлечения, национальные игры, сценические представления в соответствии с возрастом детей, эстафетные соревнования, конкурсы рисунков и рисунков на асфальте.